

Дәріс № 1. Кіріспе. Консерві зауытының құрамы және жіктелуі. Жобалаудың мақсаты мен міндеттері. Жобалаудың жалпы мәселелері. Консерві өндіру кәсіпорындарын жобалау туралы жалпы түсініктер. Консерві өндіру кәсіпорындарының жіктелуі. Жобалауды ұйымдастыру. Жобалау тәртібі

Дәріс жоспары:

1. Жоба және жобалау түсініктеріне сипаттама
2. Жобалаудың мақсаты мен міндеттері.
3. Жобалау құжаттамасы, оның кезеңдері және оларға сипаттама
4. Жобалаудың жалпы ережелері:
5. Жобаны жүргізу процесінің сатылары

Жоба және жобалау түсініктеріне сипаттама

Жоба - кәсіпорынның құрылысына керекті, ғылыми тұрғыдан дәлелді құжаттар жинағы (есептер, сызбалар, түсіндірме хаттар).

Жобалау - дегеніміз өзара байланысты іс-әрекеттер жүйесі, оны атқару нәтижесінде ғимараттар(цехтар) мен құрылымдар (қоймалар) тұрғызу немесе қайта құрастыру үшін техникалық құжаттама жасалады

Жобалау дегеніміз - бұл өте күрделі процесс, бұған бірыңғай мемлекеттік нормалармен стандарттардың негізінде инженерлермен архитекторлардың жүргізген есептері мен конструкторлық жұмыстарының жобалары жатады.

Жобалау - күрделі процесс, ол есептеу және жобалаудың конструкциялы жұмыстарынан тұрады да, арнайы мамандармен стандарт және ережелер арқылы іске асырылады.

Жобалаудың мақсаты - берілген жер бөлігіне ғимаратты салуға рұқсат беретін техникалық құжаттардың кешенін жинау болып табылады.

Яғни, кәсіпорындарды салу және қайта құру үшін арналған техникалық құжаттарды құрау.

Жоба жасау - ғылыми зерттеулер мен оларды халық шаруашылығына ендіру арасында орын алатын байланыстырушы бөлім.

Жобалаудың есебі - өзінің технологиялық құрылымына сәйкес жауап беретін құрылыстық - жобалаудың конструкторлық шешіміне және құрылыспен архитектура облысындағы прогрессивті тенденцияларға жауап беретін құрал-жабдықтармен жабдықталынған ғимараттың жобасын жүргізу болып табылады.

Жоба дайындау процесіне жобалау, ізденіс және кешенді жоба - ізденіс мекемелерінің (институттар, трестер және құрастыру бюролары) жоғары білікті мамандары тікелей қатысады.

Жобалау жұмыстарының негізі бөлігін бас жобалаушы аталатын мекеме жүргізеді. Жобаның жеке бөліктерін жүзеге асыру үшін бас жобалаушы

келісім-шарт негізінде мамандандырылған жобалау мекемелерін жұмысқа тартады.

Әр жобаланушы кәсіпорын бойынша жауапты тұлға бекітіледі - бас сәулеткер немесе бас инженер, ол жобаның түрлі бөліктерін байланыстырады, жобаның аяқталу мерзіміне, сапасына, техникалық деңгейіне, тиімділігі мен нормаларға сәйкес болуына жауап береді.

Сызбаларды бас жобалау немесе ғылыми-зерттеу және жобалау мекемелері құрастырады.

Жаңа құрылысты жобалау, жұмыс істеп жатқан кәсіпорындарды қайта құрастыру және техникасын жетілдіру мәселелері техника-экономикалық негіздемелерде (ТЭН) немесе техника-экономикалық есептеулерде (ТЭС) бекітілген шешімдерге сәйкес іске асырылады.

Жобалау құжаттамасы, оның кезеңдері және оларға сипаттама

Жобалау құжаттамасы - болашақ кәсіпорын үлгісін жасайтын, оның құрылысының технологиялық және техникалық мүмкіндігін, экономикалық тиімділігін дәлелдейтін есептеулер, сызбалар және көрсеткіштер жүйесі. Жобалау құжаттамасын жасау үш кезеңнен тұрады: жобаға дейінгі, жоба жасау және жобадан кейінгі.

Жобаға дейінгі кезеңде экономикалық және техникалық ізденістер жүргізіледі. Бұл кезеңде мына мәселелер зерттеледі: жоспарланған құрылыс ауданы; оның жағрафиялық орналасуы; консерві зауытының және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының бар болуы; шикізат, сонымен қатар, отын, электр қуаты, су, газбен қамтамасыз ету көздері.

Тапсырма бекітілгеннен кейін нысананы нақты жобалаудың екінші кезеңі басталады. Бұл кезеңде бірнеше өзара байланысты бөліктерден тұратын жобалау құжаттамасы жасалады: сәулетті-құрылыстық; технологиялық; техника-экономикалық.

Жобалау тапсырмасында келесі мәліметтер орын алады: кәсіпорын атауы, жоба жасаудың негізі, құрылыс түрі (жаңадан тұрғызу, қайта құрастыру, кеңейту), құрылыс орны; кәсіпорын қуаттылығы; кәсіпорынның жұмыс істеу тәртібі; кәсіпорынды құрылыс және пайдалану кезінде шикізат, су, жылу, газ, электр қуатымен қамтудың негізгі көздері, ағынды суларды тазартудың және тастаудың шарттары; негізгі технологиялық процесстер және құрал-жабдыққа қойылатын талаптар; өндіріс басқарудың автоматтандырылған жүйесін жасау қажеттілігі; құрылыс мерзімі; күрделі қаржы мөлшері және негізгі техника-экономикалық көрсеткіштер.

Кәсіпорын, ғимарат және құрылым қала ішінде орын алса, жобалаушы мекемеге элеуметтік-жоспарлау тапсырма, сондай-ақ, бөлімшенің құрылыс және техникалық төлқұжаты беріледі. Техникалық төл құжатта құрылыс ауданында жүргізілген инженерлік және экономикалық ізденістердің нәтижелелері келтіріледі.

Жобалаудың жалпы ережелері:

- жобада ғылым мен техниканың жетістіктерін, алдыңғы қатар отандық және шетел тәжірибесін кеңінен қолдану;
- жобалауды кәсіпорындардың даму және орналастыру схемалары мен оның материалдық-техникалық базасына сәйкес жүргізу;
- жобалаудың бірнеше түрін енгізіп, оның ішінен берілген жағдайда экономикалық тұрғыдан тиімді шешімін іске асыру.

Жалпы алғанда жоба мәтіні материалдардан (түсіндірме хат, есеп), сызбалардан және смета құжаттарынан тұрады.

Жобаны жүргізу процесінің сатылары

Жобаны жүргізу процесі келесі сатылардан тұрады:

- кәсіпорынның өндірістік қуатын есептеу(сағатына, ауысымына, айына, жылына);
- берілген консерві ассортиментіне сәйкес шикізаттардың пісу мерзіміне байланысты олардың цехқа келіп түсу графигін құрастыру;
- берілген консерві ассортиментіне бір тоннаға берілген шикізаттардың шығын мөлшерін есептеу(берілген консерві ассортиментіне сәйкес шикізаттардың);
- консервіні өндіру технологиясына сәйкес қондырғыларды таңдау;
- өнімді буып түюге қажетті ыдыс, қақпақ және қорап сандарын есептеу;
- цехтағы жұмысшылардың саны, оларға қажетті гардероб, сантехникалық жабдықтар санын анықтау;
- зауыттағы басқа да ғимараттар аудандарын есептеу(қосымша материал қоймасы, ыдыс қоймасы, дайын өнім қоймасы, әкімшілік тұрмыстық корпус).

Жобаға ереже бойынша сәулет-құрылыс, технологиялық, техника-экономикалық бөлімдер кіреді.

Сәулет-құрылыс бөліміне - ғимараттың конструктивтік шешімі мен көлемді — жобасының жалпы сипаттамасы келтірілген түсіндірме хат; цехтың барлық негізгі өлшемдері көрсетілген жоспары; зауыттың бас жобасы; ғимараттың технологиялық қондырғыларды қосқандағы қимасы жатады.

Технологиялық бөлімінің құрамына - түсіндірме хат (кәсіпорынның негізгі технологиялық сипаты, қажетті сипаттамалар мен есептер); цехта орналастырылған құрал-жабдықтар мен қондырғылардың саны, сипаты және т.б. кіреді.

Техника-экономикалық бөлімде негізгі технико-экономикалық көрсеткіштер, кәсіпорынның су көздерімен, газбен, жылумен қамтамасыз етілуі көрсетіледі.

Бақылау сұрақтары:

• Жоба және жобалау дегеніміз қандай құжат, процесс анықтама беріңіз.

- Жобалаудың мақсаты қандай?
- Жобалау құжаттамасына сипаттама беріңіз.
- Жобалау құжаттамасы қанша кезеңдерден тұрады?
- Жобалау тапсырмасында қандай мәліметтер болуы керек?
- Жобаны жүргізу процесі қандай сатылардан тұрады?
- Жобада ереже бойынша қандай бөлімдер болуы керек?
- Сәулет-құрылыс бөлімінде қандай мәліметтер қарастырылады?
- Технологиялық бөлімінің құрамына қандай ақпараттар кіреді?
- Техника-экономикалық бөлімде қандай мәліметтер көрсетіледі?